

Сарыағаш аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына!

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 3-тармағына сәйкес, жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс оныншы сессиясы 2021 жылдың 11 тамыз күні сағат 16:00-де Сарыағаш аудан әкімдігінің мәжіліс залында өтетіндігін хабарлаймын.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2021 жылдың 11 тамыз күні сағат 15:00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді.

Жетінші шақырылымдағы Сарыағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс оныншы сессиясының онлайн трансляциясы saryagashmaslihat.gov.kz сайтында жүргізіледі.

Сессия қарауына енгізілген мәселелер:

1. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №60-534-VI ««2021-2023» жылдарға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
2. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 8 маусымдағы №22-241-VI "Сарыағаш ауданының аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл және ауылдық округтердің аумағында өткізілетін жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы;
3. Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы №5-40-VII «Сарыағаш аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі №54-479-VI «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» шешімін жою туралы;
4. Сарыағаш ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия құрамына өзгерістер енгізу туралы.

**Аудандық мәслихат
хатшысы**

С.Таскулов